

Аудандық мәслихатының (IV шақырылған IV сессия) 2007 жылғы 24 желтоқсандағы " Май ауданы жерін аймақтарға бөлу сұлбасы туралы" N 7/4 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 2011 жылғы 26 қыркүйектегі N 5/40 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 29 қыркүйекте N 12-10-108 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, аудандық мәслихат

Ш Е Ш І М **Е Т Е Д І :**

1. Май аудандық мәслихатының (IV шақырылған IV сессия) 2007 жылғы 24 желтоқсандағы "Май ауданы жерін аймақтарға бөлу сұлбасы туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 12-10-58 тіркелген, 2008 жылғы 19 қаңтарында аудандық "Шамшырақ" газетінің N 3 жарияланған") N 7/4 шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

"Жер санаттарына бөлу" қосымшасы алып тасталынсын.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың индустриалды-инновациялық даму және экология комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы

Қ. Ахметов

Аудандық мәслихатының хатшысы

А. Төңірберген